- Аспап тек қана тұрмыста пайдалануға арналған. Аспапты коммерциялық мақсатта ұзақ уақыт пайдалану оның шамадан тыс жүктелуіне әкелуі мүмкін, соның нәтижесінде ол зақымдануы мүмкін немесе адамдардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.
- Аспап осы пайдалану бойынша Нұсқаулыққа сәйкес мақсаты бойынша ғана пайдаланылуы тиіс.
- Аспапты пайдалануды бастаудың алдында пайдалану бойынша осы нұсқаулықты мұқият оқыңыз.
- Аспапты іске қосар алдында әр кезде оны қарап байқап шығыңыз. Аспаптың және желілік баусымның зақымдануы болған жағдайда аспапты розеткаға қоспаңыз.
- Егер зақымданудың көзге көрінетін белгілері болса, құлағаннан кейін аспапты пайдаланбау дұрыс болады. Пайдаланар алдында аспап білікті маманмен тексерілуі тиіс.
- Егер сіз аспаптың жұмыс істеу қабілетіне сенімді болмасаңыз, оны пайдаланбаңыз.
- Аспап пен желілік баусым олар жоғары температураның, тікелей күн сәулесінің және ылғалдың әсеріне түспейтіндей сақталуы тиіс.
- Жұмыс істеп тұрған аспапты қараусыз қалдырмаңыз! Егер сіз аспапты енді қолданбайтын болсаңыз, оны үнемі желіден өшіріңіз.
- Бұл аспап денелік, жүйке немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибе мен білімнің жеткіліксіздігі бар адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған, мұндай адамдарға қадағалау жүзеге асырылатын немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамның осы құралды пайдалануына қатысты оларға нұсқау беретін жағдайларды қоспағанда. Балаларға аспаппен ойнауға жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет



1  
Жұмыс кезінде құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз



2  
ЕШҚАШАН қолыңызды дайындалып жатқан сусынның астына қоймаңыз. Күйіп қалу қаупі жоғары!



3  
Құрылғыны бассейннің, ваннаның, раковинаның немесе су толтырылған басқа ыдыстың жанында пайдаланбаңыз.



4  
Құрылғыны кез келген әсерден қорғаңыз



### **Назар аударыңыз!**

Құралды ванналар, шұңғылшалар немесе сумен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз. Аспап суға түскен жағдайда оны тез арада желіден ажыратыңыз. Бұл ретте ешбір жағдайда қолыңызды суға салмаңыз. Қайталап пайдаланар алдында аспап білікті маманмен тексерілуі тиіс.

- Ешбір жағдайда құралды суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз. Аспапты ылғал қолмен ұстамаңыз. Құралға су тиген кезде оны бірден желіден өшіріңіз.
- Аспапты тек айнымалы ток көзіне (~) қосыңыз. Қосар алдында құралды желіде қолданылатын кернеуге арналған екеніне көз жеткізіңіз.
- Аспап желіге тек жерге тұйықталу ақылы қосылуы мүмкін. Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін жерге тұйықтау орнатылған электротехникалық нормаларға сәйкес келуі тиіс. Бейстандартты қуат көздерін немесе іске қосу құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Кез келген қате қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Аспапты үй-жайдан тыс пайдаланбаңыз. Аспапты өткір бұрыштарға соғылудан сақтаңыз. Пайдалану аяқталған кезде, құрал сынғанда немесе тазалау кезінде оны үнемі желіден өшіріңіз.
- Құралды желілік сымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Монымен қатар аспапты желіден, оның желілік сымынан ұстап, сөндіруге тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқанда оның штепсельдік айырынан ұстаңыз.
- Жинақтың құрамына кірмейтін қосымша аксессуарларды пайдалану сіздің кепілдік құқығыңыздан айырады.
- Пайдаланудан кейін ешқашанда да электрлік қуат көзі желісін құралды айналдырып орамаңыз, себебі уақыт өте келе сымның сынуына әкелуі мүмкін. Сақтау уақытында сымды үнемі түзулеп ораңыз.
- Баусымды ауыстыруды тек білікті мамандар - сервистік орталықтың қызметкерлері іске асыра алады. Біліксіз жөндеу пайдаланушы үшін тікелей қауіп төндіреді.
- Аспапқа өздігіңізден жөндеу жүргізбеңіз. Жөндеу тек қана сервистік орталығының білікті мамандарымен жүргізілуі тиіс.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.
- Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін құралды тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз. Оны одан әрі кәдеге жаратуға арналған мамандырылған пунктке тапсырыңыз. Сіз осымен қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз.



### **Назар аударыңыз!**

Кез келген сипаттағы ақаулықтар пайда болғанда POLARIS Авторизацияланған сервистік орталығына хабарласыңыз.

# ОСЫ АСПАП ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР

Резервуарды толтыру үшін тек таза, суық ауыз суды пайдаланыңыз.

Кофе қайнтақышы минералсыздандырылған бөтелкеге құйылған (кулерлерге арналған) суды, немесе минералды қоспалардан тазаланудан өткен, сүзгіленген суды пайдалануға арналған. Контейнерге ауыз суды тікелей краннан құюға рұқсат етіледі, егер оның кермектігі 5,0 мг-экв/л аспайтын болса.

Ешқашан да суға арналған сыйымдылықты басқа сұйықтықтармен толтырмаңыз, резервуарға кофені салмаңыз.

- Суға арналған резервуарды МАХ мәнінен жоғары толтырмаңыз.
- Ұнтақталған кофеден сусынды дайындау үшін туркада бұқтыруға арналған «extra fine» ұсақтап ұнтақталған кофені пайдалануға болмайды. Бұл сүзгінің бітелуіне әкелуі мүмкін. Бітеліп қалған сүзгіні тазалау немесе ауыстыру аспапқа кепілдік қызмет көрсетуге кірмейді. Орташа ұнтақталған кофе немесе «эспрессо кофемашиналарына арналған» ұнтақталған кофе пайдаланыңыз.
- Құралды ешқашан сусыз қоспаңыз.
- Суға арналған резервуардың қақпағын ашпаңыз, жұмыс істеп тұрғанда кофе қайнатқыштың қақпағын ашпаңыз. Бұл күйікке әкелуі мүмкін.
- Кофе қайнатқыш жұмыс істеп тұрған уақытта ешқашан назарсыз қалдырмаңыз.
- Аспапты үстелдің жиегінен/жұмысшы беттен алыстау жерге тегіс тұрақты бетке қойыңыз.
- Су ағып кетуі бар болғанда кофе қайнатқышты желіге қоспаңыз.
- Пайдалануда болған кофе қайнатқышты ауаның теріс температураларында сақтауға болмайды, өйткені кофе қайнатқыштың ішінде қалған судың қатып қалуы оны істен шығарады.

## ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

Аспап осы нұсқаулыққа сәйкес тұрмыстық ғимараттың температурасы мен ылғалдылығында тұрмыстық және ұқсас қолдану үшін тағайындалған:

- дүкендердің, кеңселердің, фермерлік шаруашылықтар мен басқа да бөлімшелердің қызметкерлері тамақтанатын орындарда
- қонақ үй, отель және басқа да тұруға арналған орындардың тұтынушыларына;
- жатақтар мен таңғы ас үшін арналған орындарда.

Аспап өндірістік және коммерциялық пайдалану үшін, сонымен қатар тағамдық емес өнімдерді өңдеу үшін тағайындалмаған

Өндіруші қате пайдалану немесе осы Пайдалану нұсқаулығында көзделмеген мақсатта нәтижесінде туындаған шығын үшін жауапкершілік алмайды.

# ЖИЫНТЫҚТАМА



Кофе қайнатақышы  
PCM 2034 1-де 3



Пайдаланылған  
капсулаларға  
арналған  
колнтейнер



Суға арналған  
қақпақты  
резервуар



Өлшеуіш  
нығыздағыш қасық



Капсулалар мен  
ұнтақталған  
кофеге  
арналғаналмалы  
ұстағыштар және  
ұнтақталған кофеге  
арналған металл  
сүзгі (ұстағышта)



Капсулаларға  
арналған  
адаптерді  
тазалайтын  
түйрегіш



Шағын сорғы



Пайдалану  
жөніндегі  
нұсқаулық /  
Кепілдік талоны

## АСПАПТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

**PCM 2034 1-де 3** кофе қайнатқышы кофе сусынын NESPRESSO және DOLCE GUSTO стандартты капсулалардан, сонымен қатар ұнтақталған кофеден қыздырылған ауыз суды капсула немесе ұнтақталған кофе қабаты арқылы қысыммен өткізу жолымен дайындауға арналған.

# БӨЛШЕКТЕРГЕ ШОЛУ ЖӘНЕ АТАУЛАРЫ



# ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

Бірінші қолдану алдында немесе егер кофе қайнатқыш біраз уақыт пайдаланылмаған болса, оны келесідей түрде таза ауыз сумен жуу қажет:


1. Кофе қайнатқыштан қаптау материал мен жарнамалық жапсырмаларды алып тастаңыз және аспап корпусын ылғал матамен сүртіп алыңыз.
2. Сусынмен, сумен және ыдыс жууға арналған құралмен жанасатын кофеқайнатқыштың барлық бөліктерін жуыңыз да, мұқият құрғатыңыз.
3. Кофе қайнатқышты тегіс бетке жайғастырыңыз.
4. Резервуар қақпағын шешіп алыңыз.
5. Резервуарды сүзіленген суға толтырыңыз (судың деңгейі максималды рұқсат етілген көлемнен аспауы қажет). Сосын қақпағын тығыздап жабыңыз.
6. Сонымен қатар суға арналған контейнерді оны ақырын көтеріп, өзіңізге тартып суырып алуға болады. MAX белгісінен асырмай, резервуарға бөлме температурасындағы таза ауыз су құйыңыз, содан кейін контейнерді орнына орнатыңыз және қақпақты жабыңыз.
7. Суы бар резервуарды кофе қайнатқыш корпусына орнатыңыз, резервуар қақпағын жабыңыз, желілік айырды электр желі розеткасына қосыңыз және басқару панеліндегі іске қосу батырмасына басыңыз.



1  
Корпусты ылғалды матамен сүртіп алыңыз



2  
Кофе қайнатқыштың сусынмен түйсетін барлық бөліктерін жуып-шайыңыз



3  
Кофе қайнатқышты тегіс бетке жайғастырыңыз




4  
Резервуар қақпағын шешіп алыңыз



5  
MAX белгісінен асырмай, резервуарды таза сүзілген суға толтырыңыз



6  
Резервуарды орнатыңыз, айырды розеткаға қосыңыз, іске қосу батырмасына басыңыз



7  
Кофе қайнатқыш қызып жатқанша индикаторлар 45 сек. шамасында жыпылықтап тұрады



8  
Капсула немесе ұнтақталған кофе қосылмағанына көз жеткізіңіз

8. Басқару панеліндегі іске қосу батырмасына басқаннан кейін индикаторлар кофе қайнатқыш қызғанша 45 секунд шамасында жыпылықтайтын болады.
9. Кофе қайнатқыштың ішіне орнатылған ұстағыштың ішінде капсула жоқ, немесе сүзгіштің ішінде ұнтақталған кофе жоқ екендігіне көз жеткізіңіз және бекіткіш иінтірегін тірелгенше төмен қарай түсіріңіз.
10. Биіктігі 9 см. аспайтын және көлемі 250 мл. кем емес шыны-аяқты мөлшерлеуіштің астына қойыңыз.
11. Жуып-шаю процесін бастау үшін «үлкен шыны-аяқ» батырмасына басыңыз.
12. Кезек-кезек «үлкен шыны-аяқ» және «кіші шыны-аяқ» батырмаларына басып, қажеттілік бойынша шыны-аяқтан суды төгіп, жуып-шаюдың 5 – 10 циклін жүргізіңіз.
13. Содан кейін бекіткіш иінтірегін тірелгенше жоғары қарай көтеріңіз және ұстағышты кофе қайнатқыш корпусынан алып шығыңыз. Жуып-шаю процесі аяқталды, кофе қайнатқыш пайдалануға дайын.




**Назар аударыңыз!** Егер кофе қайнатқыш жүйесін суға толтырумен қиындық пайда болса, бұл ұзақ пайдаланбаудан жүйеде жиналған ауадан болуы мүмкін. Келесі бөлімдегі қадамдардың реттілігін басшылыққа алып, ауаны оңай шығаруға болады.




Бекіткіш иінтірегін тірелгенше төмен қарай түсіріңіз



Көлемі 250 мл. кем емес шыны-аяқты мөлшерлегіштің астына қойыңыз



«Үлкен шыны-аяқ кофе» батырмасына басыңыз



Кезек-кезек «үлкен»/«кіші шыны-аяқ» батырмаларына басып, жуып-шаюдың 5 – 10 циклін жүргізіңіз



Қажеттілігіне қарай шыны-аяқтан суды төгіп отырыңыз



Бекіткіш иінтірегін тірелгенше жоғары қарай көтеріңіз және ұстағышты кофе қайнатқыш корпусынан алып шығыңыз

# АЛҒАШҚЫ ІСКЕ ҚОСҚАНДА НЕМЕСЕ ҰЗАҚ УАҚЫТ ПАЙДАЛАНБАҒАНДА

Кофе қайнатқышты алғашқы рет немесе пайдаланусыз ұзақ сақтаудан кейін іске қосқанда кофе қайнатқыш жүйесін суға толтырумен қиындық туындауы мүмкін. Бұл ақаулық болып табылмайды.

Бірінші рет сәтті толтыру үшін арнайы шағын қол сорғысын пайдалануды сұраймыз (жиынтыққа кіреді).

Оның көмегімен Сіз жүйеден ауаны оңай шығарасыз және оны суға толтыра аласыз.

1. Суға арналған контейнерді шешіп алыңыз.
2. Шағын сорғының түтікшесін су алуға арналған тесікке кіргізіңіз
3. Түтікше толғанша су құйыңыз
4. Шағын сорғының піспегін түтікшеге кіргізіңіз және күш салмай оны басыңыз.
5. Түтікшедегі су кофе қайнатқыш жүйесін толтырады.
6. Қажеттілікке қарай 3-тен 5 дейінгі қадамдарды бірнеше рет қайталаңыз.

Сіз жоғарыда сипатталған қадамдарды орындағаннан кейін кофе қайнатқыштың ішкі сорғысы суды қалыпты режимде айдайтын болады.



Суға арналған  
контейнерді шешіп  
алыңыз



Шағын сорғының  
түтікшесін су алуға  
арналған тесікке  
кіргізіңіз



Түтікше толғанша су  
құйыңыз



Шағын сорғының  
піспегін түтікшеге  
кіргізіңіз және күш  
салмай оны басыңыз

## КОФЕ ДАЙЫНДАУ

Кофе дайындаудың алуан түрлері үшін тиісті алмалы ұстағыштар бар: Nespresso®, Dolce Gusto® стандарттың капсулалары үшін және ұнтақталған кофе үшін.





# NESPRESSO® ТИПТІ КАПСУЛАЛАРДАН КОФЕ ДАЙЫНДАУ

1. Бекіткіш иіңтірегін тірелгенше жоғары көтеріңіз және Nespresso® типті капсулаларына арналған алмалы ұстағышты алып шығыңыз, егер ол кофе қайнатқыш корпусына орнатылған болса.
2. Ұстағыш қақпағын көтеріңкіреңіз және Nespresso® типті капсуланы қойыңыз.
3. Капсуласы бар ұстағышты кофе қайнатқыш корпусына орнатыңыз, бекіткіш иіңтірегін түсіріңіз.
4. Ыдысты мөлшерлегіштің астына қойыңыз. Таңдалған порцияға байланысты кофені дайындау батырмасына басыңыз. Дайындау процесі аяқталғанға дейін батырма жыпылықтайды және автоматты түрде өшпейді (зауыттық баптаулар: аз порция үшін 25 сек. және үлкен порция үшін 47 сек.). Дайындаудан кейін пайдаланылған капсуланы алыңыз да, кәдеге жаратыңыз.
5. Дайындағаннан кейін пайдаланылған капсуладан кофенің болымсыз мөлшері ағып шығуы мүмкін. Тамшылардың таза беттерге түсуіне жол бермеу үшін арнайы контейнерді пайдаланыңыз. Сонымен қатар арнайы контейнерді пайдаланылған капсулаларды сақтауға арналған уақытша орын ретінде пайдалануға болады.



Бекіткіш иіңтірегін жоғары қарай көтеріңіз және капсулаларға арналған алмалы ұстағышты алып шығыңыз



Ұстағыш қақпағын көтеріңкіреңіз және Nespresso® типті капсуланы қойыңыз



Капсуласы бар ұстағышты кофе қайнатқыш корпусына орнатыңыз, бекіткіш иіңтірегін түсіріңіз



Шыны-аяқты қойыңыз және кофе дайындау батырмасын (үлкен немесе кіші шыны-аяқ) басыңыз



Пайдаланылған капсуланы контейнерге тастаңыз



**Кофеқайнатқыштың дұрыс жұмыс істеуі үшін өндіруші түпнұсқа Nespresso және Dolce-Gusto капсулаларын пайдалануды ұсынады.**


# DOLCE GUSTO®

## ТИПТІ КАПСУЛАЛАРДАН КОФЕ ДАЙЫНДАУ

1. Бекіткіш иінтірегін тірелгенше жоғары көтеріңіз және Dolce Gusto® типті капсулаларына арналған алмалы ұстағышты алып шығыңыз, егер ол кофе қайнатқыш корпусына орнатылған болса.
2. Капсуланы ұстағыштың қондыру орнына салыңыз.
3. Капсуласы бар ұстағышты кофе қайнатқыш корпусына орнатыңыз, бекіткіш иінтірегін түсіріңіз.
4. Ыдысты мөлшерлегіштің астына қойыңыз. Таңдалған порцияға байланысты кофені дайындау батырмасына басыңыз. Дайындау процесі аяқталғанға дейін батырма жыпылықтайды және автоматты түрде өшпейді (зауыттық баптаулар: аз порция үшін 25 сек. және үлкен порция үшін 47 сек.).
5. Дайындауды аяқтағаннан кейін пайдаланылған капсуланы алыңыз және кәдеге жаратыңыз.
6. Дайындағаннан кейін пайдаланылған капсуладан кофенің болымсыз мөлшері ағып шығуы мүмкін. Тамшылардың таза беттерге түсуіне жол бермеу үшін арнайы контейнерді пайдаланыңыз. Сонымен қатар арнайы контейнерді пайдаланылған капсулаларды сақтауға арналған уақытша орын ретінде пайдалануға болады
7. Сусынды DolceGusto® капсулаларына арналған адаптердің көмегімен дайындағаннан кейін су беруге арналған тесікті жиынтыққа кіретін түйрегішпен, төмендегі суретте көрсетілгендей, тазалауды ұсынамыз. Сонымен қатар сусынды дайындаған кезде судың түспеуі тесік бітеліп қалғанын және осы процедураны қайталу қажет екендігін білдіреді.




1  
Бекіткіш иінтірегін жоғары қарай көтеріңіз және капсулаларға арналған алмалы ұстағышты алып шығыңыз



2  
Dolce Gusto® типті капсуланы ұстағыштың қондыру орнына салыңыз



3  
Капсуласы бар ұстағышты кофе қайнатқыш корпусына орнатыңыз, бекіткіш иінтірегін түсіріңіз




4  
Шыны-аяқты қойыңыз және кофе дайындау батырмасын (үлкен немесе кіші шыны-аяқ) басыңыз



5  
Дайындаудан кейін пайдаланылған капсуланы алып шығыңыз



6  
Пайдаланылған капсуланы контейнерге тастаңыз



7  
Кофені дайындағаннан кейін су беруге арналған тесікті (капсулаларды дайындауға арналған адаптерде) жиынтыққа кіретін түйрегіштің көмегімен тазалауды ұсынамыз

# ҰНТАҚТАЛҒАН КОФЕНІ ДАЙЫНДАУ

1. Бекіткіш иінтірегін тірелгенше жоғары көтеріңіз және ұнтақталған кофеге арналған алмалы ұстағышты алып шығыңыз, егер ол кофе қайнатқыш корпусына орнатылған болса.
2. Ұстағышта металл сүзгіштің бар болуына көз жеткізіңіз (және ол болмаған жағдайда қондыру орнына орнатыңыз).
3. Ұнтақталған кофенің қажетті мөлшерін өлшеуіш қасықтың көмегімен сүзгіге салыңыз.
4. Салынған кофені тығыздағыш өлшеуіш қасықтың сыртқы жағымен нығыздаңыз. Сүзгінің бүкіл көлемін кофеге толтыру ұсынылады.
5. Кофеге толтырылған сүзгісі бар ұстағышты кофе қайнатқыш корпусына орнатыңыз және бекіткіш иінтірегін тірелгенше түсіріңіз.
6. Ыдысты мөлшерлегіштің астына қойыңыз. Таңдалған порцияға байланысты кофені дайындау батырмасына басыңыз. Дайындау процессі аяқталғанға дейін батырма жыпылықтайды және автоматты түрде өшпейді (зауыттық баптаулар: аз порция үшін 25 сек. және үлкен порция үшін 47 сек.).
7. Дайындағаннан кейін кофені сүзгіден кетіріңіз, ұстағыштан сүзгіні алып шығыңыз және сүзгі мен ұстағышты ағынды сумен жуып-шайыңыз.



Бекіткіш иінтірегін жоғары қарай көтеріңіз ұнтақталған кофеге арналған алмалы ұстағышты алып шығыңыз



Ұстағышта металл сүзгінің бар болуына көз жеткізіңіз



Ұнтақталған кофенің қажетті мөлшерін сүзгіге салыңыз




Салынған кофені нығыздаңыз



Кофесі бар ұстағышты корпусқа орнатыңыз және бекіткіш иінтірегін түсіріңіз



Шыны-аяқты қойыңыз және кофе дайындау батырмасын (үлкен немесе кіші шыны-аяқ) басыңыз



Дайындаудан кейін сүзгіні жуып-шайыңыз



# КҮТУ РЕЖИМІ

Егер кофеқайнатқыш 15 минут бойы пайдаланылмайтын болса, онда автоматты түрде автоөшу орын алады. Барлық индикаторлар сөнеді.

1. Кофе қайнатқыштың жұмысын іке қосу үшін қосу/сөндіру батырмасына басыңыз.

## КҮТУ РЕЖИМІН КҮЙГЕ КЕЛТІРУ

2. Кофені дайындаудың кішкентай және үлкен порциясының батырмаларын басып тұрып, ұстаңыз да, шнурды розеткаға қойыңыз.
3. Қосу/өшіру батырмасы үздіксіз қызатын болады.
4. Кофенің кішкентай порциясының дайындау батырмасын басып, ұстап тұрыңыз.
5. Осы батырманың индикаторы жануын тоқтатады, бұл күту режимінің сөнгенін білдіреді.
6. Кофенің кішкентай порциясының дайындау батырмасын қайта басып, ұстап тұрыңыз. Кішкентай порцияның индикаторы үнемі жанып тұрады, бұл күту режимі іске қосылғанын білдіреді.



### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Егер кофеқайнатқыш 15 минут бойы пайдаланылмайтын болса, онда автоматты түрде автоөшу орын алады. Кофе ұайнатқыш «Күту режиміне» көшеді (толығырақ тиісті бөлімді қар.).


Барлық индикаторлар сөнеді. Кофеқайнатқыштың жұмысын іке қосу үшін қосу/өшіру батырмасына басыңыз.

# СУСЫН КӨЛЕМІН БАПТАУ ФУНКЦИЯСЫ

1. Кофе қайнатқыш сусынды көлем бойынша емес, жұмыс уақыты бойынша мөлшерлегендіктен әртүрлі капсулалар мен ұнтақталған кофеден дайындалған сусынның мөлшері бірдей болмауы мүмкін. Сусынның қалаулы мөлшерін өзгерту үшін кофе қайнатқышты розеткаға қосыңыз, Қос./Сөнд. батырмасын басыңыз және қыздыру аяқталғанын күтіңіз.
2. Ыдысты мөлшерлегіштің астына қойыңыз.
3. Таңдалған порцияның батырмасын басып, ұстап тұрыңыз (кішкентай порция немесе үлкен порция).
4. Шамамен 8-10 секундтан кейін кофе қайнатқыш ыдысқа суды құюды бастайды. Сізге керекті судың көлеміне жеткеннен кейін батырманы жіберіңіз.
5. Кофе қайнатқыш сіздің көлем баптауыңызды есінде сақтайды, осы сәттен бастап сіз таңдаған порция дәл осы көлемде құйылатын болады.
6. Әрекеттердің жоғарыда сипатталған реттілігін қайталап, баптауды кез келген сәтте өзгертуге болады.





Сусынның қалаулы мөлшерін өзгерту үшін кофе қайнатқышты розеткаға қосыңыз, Қос./Сөнд. батырмасын басыңыз.



Кішкентай порция немесе үлкен порция батырмасын басыңыз және басып ұстаңыз

# ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ

1. Суға арналған бакқа кофе қайнатқышқа арналған қақтан тазалау құралының аздаған мөлшерін салыңыз.
2. Сусынның кішкентай порциясының батырмасын басыңыз және басып ұстаңыз, содан кейін айырды розеткаға қосыңыз.
3. Сусынның кішкентай порциясының батырмасы мен қосу/сөндіру батырмасы жанады.
4. Сусынның кішкентай порциясының батырмасын қайталап басыңыз және кофе қайнатқышты автоматты түрде тазалау 2 минут ішінде жүргізілетін болады.
5. Процедура резервуардағы таза ауыз сумен қайталаңыз.
6. Сүзгіні және ұстағыштарды ағынды сумен жуыңыз және құрғатыңыз.
7. Сусынды DolceGusto® капсулаларына арналған адаптердің көмегімен дайындағаннан кейін су беруге арналған тесікті жиынтыққа кіретін түйрегішпен тазалауды ұсынамыз. Сонымен қатар сусынды дайындаған кезде судың түспеуі тесік бітеліп қалғанын және осы процедураны қайталу қажет екендігін білдіреді.



## КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

**Ескерту:** Электр құралының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, ресми жинау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіңіз. Осылайша Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативтік құжаттаманың қолданыстағы талаптары мен нормаларына сәйкес, оның ішінде СанЕЖН 2.1.7.1322-03 «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыруға және залалсыздандыруға қойылатын гигиеналық талаптарға» сәйкес кейінгіде кәдеге жаратумен міндетті жинауға жатады.

## САҚТАУ

- Құралдың желіден өшкеніне және толықтай суығанына көз жеткізіңіз.
- Судың төгіңіз де, аспапты тазалауды жүргізіңіз, барлық алынбалы бөлшектерді мұқият кептіріңіз. Пайдаланылған капсулалар мен кофе пакеттерін кәдеге жаратыңыз
- Құралды құрғатып сүртіңіз және құралдың құрғақ, салқын жерде сақталуын қадағалаңыз.
- Пайдалануда болған құралды ауаның теріс температурасында сақтауға рұқсат етілмейді. Құралдан кетірілмеген судың қалдықтары қатып, кофе қайнатқыш бөлшектерін бұзады.
- Электр аспаптары қоршаған ауаның температурасы плюс 40°C-ден аспайтын, салыстырмалы ылғалдылығы 70%-дан аспайтын және қоршаған ортада электр аспаптар материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқылды және басқа да булар болмайтын жабық құрғақ және таза үй-жайда сақтау керек.



## ТАСЫМАЛДАУ

Электр аспаптарды нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалдайды. Аспапты тасымалдағанда зауыттық түпнұсқа ораманы пайдаланыңыз.

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

# ЫҚТИМАЛ АҚАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ

Ақаулық	Жою
Кофе қайнатылмайды	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Резервуарға су толтырылғанына көз жеткізіңіз.</li><li>2. «Жұмысқа дайындау» тармағындағы сипатталған әрекеттерді қайталаңыз.</li><li>3. Егер осыдан кейін бұл қызмет қалпына келмеген болса, сервистік орталықтың білікті мамандарына жүгіну керек.</li></ol>
Кофе қажетті температураға жетпейді	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Кофе қайнатқыш ішінде жиналып қалуы мүмкін болатын шөгінділерді кетіріңіз.</li><li>2. Ыдысты алдын ала қыздырыңыз.</li></ol>
Судың ағып кетуі орын алады	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Суға арналған тұғырдан судың артығын төгіңіз.</li><li>2. Суға арналған бактағы қақпақтың сыналанбауын тексеріңіз.</li></ol>
Алмалы ұстағыш бекіткішінің иінтірегі жабылмайды	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Капсулалар/ұнтақталған кофеге арналған ұстағыш жайғасымын тексеріңіз.</li><li>2. Оны дұрыс жайғасымға қойыңыз</li></ol>



## Назар аударыңыз!

Егер жоғарыда көрсетілген қадамдардың көмегімен Сіз проблеманы өзіңіздің күшіңізбен жоя алмаған болсаңыз, Сіздің өңіріңіздегі ең жақын орналасқан POLARIS Авторизацияланған сервистік орталыққа жүгінуді ұсынамыз.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PCM 2034 3-in-1 - POLARIS сауда белгісінің электрлік тұрмыстық кофе қайнатқышы

Қуатылығы: 1450 Вт

Кернеу: 220-240 В ~

Жиілігі: 50 Гц

Суға арналған резервуардың сыйымдылығы – 600 мл

Қорғаныс класы: I

*Ескерту:* Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.



# СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы» талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз



**Бұйымның қызмет көрсету мерзімі:** 3 жыл

**Кепілді мерзімі:** Қапталған күннен бастап 2 жыл

**Кепілдікті мерзімі:** сатып алған күннен бастап 2 жыл.

Өнім табиғи тозуға ұшырайтын және/немесе қызмет ету мерзімі шектеулі және олардың ресурстары таусылғандықтан жоспарлы ақылы ауыстыруға жататын компоненттерді қамтиды. Өндіруші бұл компоненттерге шектеулі кепілдік береді.

**Бұл өнімде мыналар:**

- сусындарды тарату тобына, құбырларға және бу желілеріне арналған тығыздағыштар - 6 ай.

- Автоматты капучинатор (жұмыс ережелерін сақтаған жағдайда) - 6 ай.

**Дайындалған күні бұйымда көрсетілген.**

**Қытайда өндірілген.**

**Зауытта:** ФОШАН ШУНДЕ БЕЛИВ ЭЛЕКТРИКАЛ АППЛАЙАНСЕС КО., ЛТД

Тхе Тхирд Оф 1/Ф, 2/Ф, 3/Ф, №.15, Дафу Род, Дафуджи Ауданы, Ронгги, Шунде, Фошан, Қытай.

**At factory:** FOSHAN SHUNDE BELIEVE ELECTRICAL APPLIANCES CO., LTD

The Third Of 1/F, 2/F, 3/F, No.15, Dafu Road, Dafuji Area, Ronggui, Shunde, Foshan, China

**Өндіруші:** НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД Мекенжайы: № 158 Доншан Лю, Хушан Чжидао, Цыси, Чжэзцян провинциясы, ҚХР Manufacturer: NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC

**Өндірушінің РФ және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттеріндегі Импорттаушысы және Уәкілетті өкілі:** "ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе көшесі, 11-үй, 3-құрылыс, 4-қабат I -үй-жай 13-бөлме, Тел. +7 (495) 419-11-78 Бірыңғай анықтамалық қызметтің телефоны 8-800-700-11-78

# КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

**Бұйым: электрлік кофе қайнатқыш**

**Моделі: 1-де 3 РСМ 2034**

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 24 ай бойы әрекет етеді және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Кедендік одақтың мүше мемлекеттерінің Заңына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетілуін білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдікті міндеттемелері «POLARIS» сауда маркасымен шығарылатын және өндіруші уәкілеттік берген сатушылардан, кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) сатып алынған барлық үлгілерге қолданылады.
2. Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.
3. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:
  - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуі;
  - Құрамында минералды заттар көп мөлшерде болатын суды пайдалану салдарынан әк шөгіндісі, су тасы мен қақ шөгінділері.
  - Бұйымды оның тікелей міндетінен тыс пайдалануында болатын қате пайдаланылуы, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдалану;
  - Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдалану;
  - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;
  - Өңдеу бөлшектерінің, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандарының, қоқыс жинағыштардың, белбеулердің, щеткалардың және пайдалану мерзімі шектеулі өзге де бөлшектердің тозуынан;
  - Авторизацияланған сервис орталықтары\* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар өндірген бұйымды жөндеуінен;
  - Бұйымның тасымалдау кезіндегі, дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификациялармен немесе өз бетінше жөндеумен байланысты зақымдануларынан.
4. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы болмаса немесе ондағы деректер өшірілген немесе түзетілген болса, өндірушіге кепілдікті міндеттеме жүктелмейді.
5. Бұл кепілдік тек жеке тұрмыстық қажеттіліктерге арналған бұйымдарға жарамды және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттарға пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

**Назар аударыңыз!!** Өндіруші POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдікті жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS Авторизацияланған сервистік орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз.

POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS Авторизацияланған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

\*Авторизацияланған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында: [www.polaris.ru](http://www.polaris.ru)

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

**Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.**

